

## **Жойылуы қиын органикалық ластағыштармен және оларды қамтитын қалдықтармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 717 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 қарашада № 30728 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз**

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 402-бабының 6-тармағына, "Жойылуы қиын органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 10.10.2024 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Жойылуы қиын органикалық ластағыштармен және оларды қамтитын қалдықтармен жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 24 ақпандағы "Жойылуы қиын органикалық ластағыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" № 40-ө бұйрығының (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 7480 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясат департаментіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология

және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Экология,  
геология және табиғи ресурстар министрі*

*С. Брекешев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрі  
2022 жылғы 24 қарашадағы  
№ 717 Бұйрығымен бекітілген

## **Жойылуы қиын органикалық ластағыштармен және оларды қамтитын қалдықтармен жұмыс істеу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 402-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын іске асыру мақсатында "Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Стокгольм конвенциясы), "Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Базель конвенциясы) талаптарына сәйкес әзірленді.

Қағидалар Қазақстан Республикасында жойылуы қиын органикалық ластағыштар (бұдан әрі – ЖҚОЛ) және оларды қамтитын қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

#### **2. Қағидалар әрекеті:**

1) ЖҚОЛ, ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды және ЖҚОЛ бар немесе болуы ықтимал жабдыққа иелік ететін немесе иеленуге, пайдалануға, билік етуге құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға;

2) қызметі атмосфераға және қоршаған орта объектілеріне ЖҚОЛ және/немесе ЖҚОЛ қалдықтарының түзілуіне және шығарылуына алып келуі мүмкін жеке және заңды тұлғаларға;

3) ЖҚОЛ, ЖҚОЛ қамтитын қалдықтардың және ЖҚОЛ қамтитын немесе болуы ықтимал жабдықтың иесі болып табылмайтын, бірақ жоғарыда аталған санаттардағы жабдықтарды, заттар мен қалдықтарды басқарудың кез келген түрімен айналысатын тұлғаларға;

4) ЖҚОЛ қамтитын заттар, ЖҚОЛ қамтитын қалдықтар, ЖҚОЛ-мен ластанған жабдық немесе ЖҚОЛ болуы ықтимал жабдықтар уақытша сақталатын жер учаскелерінің немесе ғимараттардың иелеріне қолданылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) қалдықтармен жұмыс істеу (қалдықтарды басқару) - қалдықтар түзілген сәттен бастап түпкілікті жойылғанға дейін оларға қатысты жүзеге асырылатын операциялар;

2) жойылуы қиын органикалық ластағыштар – Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген, ыдырауға төзімді, биожинақтағышымен сипатталатын және ауа, су және көшпелі түрлері арқылы трансшекаралық таралу объектісі болып табылатын, сондай-ақ құрлық экожүйелерінде және су экожүйелерінде жинақтала келіп, өздерінің шығарынды көздерінен алыс қашықтықта шөгетін, тірі организмдердің иммундық, эндокриндік жүйелерінің бұзылуына және онкологиялық ауруларды қоса алғанда, әртүрлі ауруларға алып келетін неғұрлым қауіпті органикалық қосылыстар;

3) полихлорланған дифенилдер (полихлоридті дифенилдер) (бұдан әрі - ПХД) – хлордың дифенилмен әрекеттесу нәтижесінде алынған органикалық компоненттерден тұратын тұрақты сұйық, шайырлы немесе кристалды қоспалар тобы;

4) Біріккен Ұлттар Ұйымы сертификаттаған сыйымдылықтар (бұдан әрі – БҰҰ-мен сертификатталған сыйымдылықтар) – "Қазақстан Республикасының Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымалы туралы еуропалық келісімге қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалдықтарды тасымалдауға рұқсат етілген металл бөшектер, контейнерлер;

5) ремедиация - экологиялық залал келтірілген табиғи орта құрамдасын қалпына келтіру, қайта жаңғырту арқылы немесе егер экологиялық залал толық немесе ішінара жөнделмейтін болса, табиғи ортаның осындай құрамдасын ауыстыру арқылы экологиялық залалды жою жөніндегі іс-шаралар кешені.

4. ПХД қамтитын заттардың концентрациясын сұйылту, қандай да бір қатты немесе сұйық материалдармен араластыру жолымен төмендетуге жол берілмейді.

5. Меншік иесі Қалдықтарды басқару бағдарламасына ЖҚОЛ қамтитын жабдықпен және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтармен жұмыс істеу бойынша ақпаратты енгізеді.

6. Меншік иесі ПХД қамтитын жабдықтармен, ЖҚОЛ қамтитын заттар мен қалдықтармен жұмыс істеуге қатысты мынадай жағдайларда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерін хабардар етеді:

1) 1-топтағы электр жабдықтарын бөлшектеу қажет болған кезде; корпусы герметизациялауды, ПХД қамтитын сұйықтықтарды төгуді, ішкі компоненттерді алуды талап ететін 1-топтағы электр жабдығын жөндеу қажет болған кезде;

2) 1-топтағы электр жабдығын, ПХД қамтитын заттар мен қалдықтардың орналасқан орнын өзгерткен кезде;

3) 1-топтағы электр жабдығын немесе ПХД қамтитын басқа жабдықты пайдаланудан шығару және/немесе қалдықтар санатына ауыстыру кезінде;

4) 1-топтағы электр жабдығын, ПХД қамтитын жабдықты және ЖҚОЛ қалдықтарын кәсіпорын шегінен тыс тасымалдау кезінде;

5) экологиялық қауіпсіз жұмыс істеу үшін оның расталған техникалық мүмкіндіктері болған кезде ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды, ЖҚОЛ қамтитын заттар мен жабдықтарды заңды тұлғаға қосалқы заттар, материалдар мен қалдықтарды қамтитын, ПХД-ты қамтитын жабдықтар мен қалдықтарды 1-топтағы электр жабдығына меншік құқығын беру кезінде, оқытылған техникалық персонал; ПХД-жабдықты пайдалануға арналған жаракталған орынжайлар; ЖҚОЛ қамтитын оралған қалдықтарды уақытша сақтауға арналған жабдықталған қойма; және/немесе ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды экологиялық қауіпсіз жоюға арналған технология.

7. Хабарлама қағаз және/немесе электронды түрде сұйық диэлектриктермен толтырылған, мәртебесінде жоғарыда аталған өзгерістер болған жабдық бойынша ғана жазбаларды қамтитын электр жабдығын есепке алудың жаңартылған тізілімін беру арқылы жүзеге асырылады. Осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес Жаңартылған Тізілім нысан бойынша жасалады және жабдықтың, заттардың немесе қалдықтардың мәртебесі өзгеруінің жоспарланған күніне дейін кемінде күнтізбелік 60 күн бұрын беріледі. Жаңартылған Тізіліммен бір мезгілде жабдықтың, заттар мен қалдықтардың жай-күйін, мәртебесінің өзгеру себептері мен негіздемесі туралы ақпараты бар ілеспе хат беріледі.

## **2-тарау. Жойылуы қиын органикалық ластағыштармен және оларды қамтитын қалдықтармен жұмыс істеу**

### **1-параграф ПХД қамтитын жабдықтармен жұмыс істеу**

8. Көлемі кемінде 1 литр (1текше дециметр) май толтырылған барлық электр жабдығы, сондай-ақ мәртебесіне қарамастан, меншік иесінде бар немесе иесінде бар электр оқшаулау сұйықтықтарымен жұмыс істеуге арналған жабдық түгендеуге жатады. ПХД-түгендеу өз күшімен немесе тараптық ұйымдарды тарту арқылы жүзеге асырылады.

9. Меншік иесі бұрын ПХД түгендеудің екі кезеңін өткізген, зертханалық талдау нәтижелерін алған, ПХД жабдықтар тізілімін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органға тапсырған және өндіріс және тұтыну қалдықтары кадастрына барлық ПХД қалдықтарын енгізген жағдайларды қоспағанда, меншік иесі ПХД-түгендеуге жататын барлық электр жабдықтарына түгендеу жүргізеді.

10. Май толтырылған электр жабдығының және оны пайдалану кезінде түзілген қалдықтардың меншік иесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ПХД болуы тұрғысынан электр жабдығына ПХД-түгендеу жүргізу бойынша жоспарды әзірлейді.

11. ПХД түгендеу жүргізу жоспары Кәсіпорын басшысының бұйрығымен бекітіледі және келесі іс-шараларды қамтиды:

1) ПХД түгендеу жүргізу бойынша комиссия құру, оның құрамына кәсіпорынның электр жабдықтарын пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызметтерінің өкілдері кіреді;

2) ПХД түгендеу жүргізу процесіне қатысатын персоналды оқыту (тренинг немесе нұсқау );

3) электр жабдықтарының типтері мен саны туралы ақпаратты жинау;

4) электр жабдықтарын тексеру, сәйкестендіру және таңбалау, сынамаларды алу;

5) 2-топтағы электр жабдықтарынан алынған сынамаларға зертханалық талдау;

6) ПХД-қамтитын электр жабдықтарын есепке алудың бастапқы тізілімін дайындау және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне ұсыну;

7) зертханалық зерттеулер нәтижелері бойынша ПХД-қамтитын электр жабдығын есепке алудың түпкілікті тізілімін дайындау және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне ұсыну;

8) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне ПХД-қамтитын электр жабдығының жай-күйінің өзгеруі туралы жыл сайынғы есептерді ұсыну.

12. Электр жабдықтарын ПХД-түгендеу кезеңділікпен жүргізіледі:

Бірінші кезең – техникалық құжаттаманы пайдалана отырып, тікелей тексеру кезінде электр жабдықтарын сәйкестендіру, электр жабдығының әрбір есептік бірлігіне жеке сәйкестендіру нысандарын толтыру, сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі - СН) беру, ПХД қамтылуы бойынша электр жабдықтарын топтарға бөлу, электр жабдықтарын ПХД қамтылуы бойынша топтарға жатқызу, СН электр жабдықтарын және заттаңбаларын таңбалау, электр жабдықтарын есепке алудың бастапқы тізілімін дайындау.

Екінші кезең – электр жабдықтардың диэлектрлік және салқындатқыш сұйықтықтарында ПХД болуына зертханалық зерттеулер жүргізу, сәйкестендіру нысандары мен таңбалауларды реттеу, зертханалық талдау хаттамалары негізінде ПХД қамтитын электр жабдығын есепке алудың қорытынды тізілімін дайындау, ПХД-ға

қорытынды есептерді уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне жыл сайын 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұсыну.

Екінші кезеңнің аяқталу мерзімі басталғаннан кейін, жаңадан анықталған, сатып алынған немесе электр жабдықтарды ПХД-түгендеуден өтпеген барлық нәрселер үшін электр жабдықтарына ПХД-түгендеуді есепке алу Тізілімдерін жыл сайын ұсына отырып, тұрақты негізде ағымдағы ПХД-түгендеу жүргізіледі.

13. Жабдықтарды сәйкестендіру, осы электр жабдығының сәйкестендіру кестесі (зауыт белгісі) немесе төлқұжаттың, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың, ішкі түгендеу ведомості немесе басқа да қолжетімді ақпараттардың негізінде жүргізіледі.

14. Меншік иесі қолындағы барлық электр жабдықтарын сәйкестендіру нөмірлерімен сәйкестендіреді және нөмірлейді. Электр жабдықтарының әрбір есептік бірлігіне осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ПХД-түгендеу кезінде жабдықтардың сәйкестендіру нөмірі құрылымының нысаны бойынша жеке сәйкестендіру нөмірі беріледі. Әрбір СН бірегей болып табылады, жабдықтың белгілі бір бірлігі үшін бір рет қана тағайындалады. Жабдықтардың бірнеше есептік бірлігі үшін бір СН беруге жол берілмейді. СН нөмірі бар заттаңба электр жабдықтарының әрбір есепке алу бірлігі корпусының беткі жағына желімделеді. СН жарық пен суға төзімді пластикалық пленкадан, пластиктен немесе металдан жасалған және электр жабдықтардың корпусында су мен жарыққа төзімді бояулармен қайталанады. СН қағаздан, соның ішінде ламинатталған қағаздан жасауға жол берілмейді.

15. Электр жабдығын сәйкестендіруді жүргізу барысында меншік иесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес, меншік иесі электр жабдықтардың әрбір есептік бірлігі туралы деректерді ПХД-түгендеуге арналған жабдықтың сәйкестендіру нысанына енгізеді. Электр жабдықтарының әрбір есепке алу бірлігі бойынша жеке сәйкестендіру парағы толтырылады. Бірнеше есеп бірліктері үшін бір нысанды толтыруға жол берілмейді.

16. Тікелей тексеру, техникалық құжаттаманы және ақпарат көздерін зерделеу және/немесе зертханалық сынақтар негізінде меншік иесі электр жабдықтарын үш топтың біреуіне жатқызады: 1-топ – ПХД қамтитын электр жабдықтары. Бұл топқа ПХД болуы техникалық құжаттаманың, сандық зертханалық талдау нәтижелерінің, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес ПХД қамтитын электр жабдығының тізбесінде электр жабдығының немесе оның диэлектриктің болуы негізінде белгіленетін электр жабдықтары жатады.

2-топ – құрамында әлеуетті ПХД бар электр жабдығы. Бұл топқа ол туралы қолда бар ақпараттың жоқтығынан ПХД қамтылуына талдау жүргізбестен 1-топқа және 3-топқа жатқызуға болмайтын электр жабдықтары кіреді. 2-топқа электр жабдықтарын жатқызу уақытша сипатқа ие болады. ПХД түгендеу кезінде 2-топтағы электр жабдығы 1-ші топқа немесе 3-топқа ауыстырылады.

3-топқа көшіру үшін ПХД-ның болмауының объективті дәлелі – сапалық немесе сандық зертханалық зерттеулердің нәтижелері немесе оның сериялық нөмірін көрсете отырып, белгілі бір электр жабдығында ПХД болмауын растайтын өндірушінің сертификаты ұсынылады.

1-топқа көшіру ПХД болуы туралы сандық зертханалық зерттеулердің нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Электр жабдықтарын 2-топтан 1-топқа және 3-топқа ауыстыру осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес ПХД түгендеуді жүргізу мерзімдері өткенге дейін конструкциялық ерекшеліктеріне байланысты сынама алу мүмкін болмайтын электр жабдығын қоспағанда (май толтыру немесе май сынамаларын алу саңылауларының, арматуралардың, клапандардың және т.б. болмауы) немесе сынамаларды іріктеуге тыйым салу туралы өндірушінің техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Мұндай электр жабдықтары ПХД-түгендеудің екінші кезеңі аяқталғаннан кейін 2-топқа жатады және пайдаланудың соңғы рұқсат етілген мерзіміне дейін пайдалануда болады. Белгіленген мерзімдер басталғаннан кейін 2-топтағы электр жабдықтарын пайдалануға тыйым салынады. Белгіленген мерзімге электр жабдығы ПХД-ға талдау жүргізе отырып, пайдаланудан шығарылады және талдау нәтижелері бойынша 1-топқа немесе 3-топқа ауыстырылады.

3-топ – құрамында ПХД жоқ электр жабдықтары:

ПХД құрамының бір килограммына  $< 50$  килограмға миллиграмм (бұдан әрі – мг/кг) сапалық немесе сандық талдау нәтижелері бар кез келген электр жабдығы;

корпусында 1995 жылдан кейін шығарылған зауыттық тақтайшалары бар, бір бөліктен тұратын корпусы бар толық герметикалық конденсаторлар, олардың ішінен май құю немесе май алу саңылауларының, штуцерлердің, клапандардың, алынбалы қақпақтардың болмауына байланысты конструктивтік ерекшеліктері бойынша диэлектрлік сұйықтықтарды іріктеу немесе оларды ауыстыру мүмкін емес;

өндірушінің сертификаты міндетті болған жағдайда, конструктивтік ерекшеліктері бойынша немесе дайындаушы зауыттың сынама алуға тыйым салу туралы техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес, сериялық нөмірін көрсете отырып, одан сынама алу мүмкін болмайтын, электр жабдығының нақты бірлігінде ПХД  $< 50$  мг/кг қамтылуын растайтын 2005 жылдан кейін шығарылған электр жабдықтары;

май құятын немесе май жинайтын саңылауларда, штуцерлерде, қақпақтарда герметикалығы бұзылған, зауыттық пломбалар болмаған кезде, оларда ПХД болмауына объективті дәлелдері жоқ сұйық диэлектриктерге құю жүргізілгеннен кейін, электр жабдығын ашып жөндеуден кейін, ағып кету іздері болған кезде электр жабдықтары 2 топқа ауыстырылады;

ПХД-түгендеуден өткен және 3-топқа жатқызылған электр жабдықтары, оларда ПХД болмауының объективті дәлелі жоқ диэлектрлік сұйықтықтарды толтыру кезінде,

2-топқа ауыстырылады және диэлектрлік сұйықтықтардың сынамаларын іріктеу және талдау негізінде қайта ПХД-түгендеуден өтеді.

17. ПХД концентрациясын анықтауды, олардың болуын немесе болмауын растауды ПХД-ға талдау жүргізу құқығына аккредиттеу аттестаты бар ұйымдар жүзеге асырады.

18. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ПХД қамтитын жабдықты таңбалау жүзеге асырылады.

19. Егер электр жабдығы құрамында 1-топтағы ПХД қамтитын жабдық ретінде анықталса, сынамаларды алу қажеттілігі жоқ болса, онда меншік иесі ерікті түрде электр жабдықтарын 1-топқа жатқызудың дұрыстығын тексеру үшін сынамалар мен талдаулар жүргізеді.

20. ПХД-мен беткі ластануды анықтау үшін жағынды іріктеу стандартты  $10 \times 10$  см өлшеммен жүргізіледі. Беткі ластанулардың сынамасы үшін өндірушінің арнайы әзірлеген материалдар жиынтығы қолданылады. Сынаманы алу үшін жиынтықта еріткішпен суланған тампон пайдаланылады. Жиынтықта еріткіш ретінде гексан пайдаланылады. Тампонды гексанмен сіңдірілгеннен кейін стандартты бет тампонмен тез және қатты сүртіледі. Осыдан кейін тампон жиынтықтан арнайы ыдысқа орналастырылады және онымен бірге жиынтық өндірушілері одан әрі көздеген дайындық сынамаларының рәсімдерін жүргізеді.

Сулау және сүрту процедурасын тез орындау өте маңызды, өйткені гексан тез буланып кетеді. Зертханалық жағдайларда гексан сіңдірілген тампондарды алдын ала дайындау және оларды сынама алу сәтіне дейін герметикалық жаңа шыны құтыда сақтау ұсынылады.

21. Еркін ағатын диэлектриктері жоқ, бірақ құрамында сұйық (балауыз тәрізді) диэлектриктер сіңдірілген (жабылған) кеуекті материалдары (мата орамдары, қағаз, ағаш) бар электр жабдықтарында ПХД-түгендеу мақсатында осындай кеуекті материалдардан сынама алу және талдау жүргізіледі.

22. Сынамалар электр жабдығының әрбір есептік бірлігінен алынады, сынамасы бар сыйымдылық электр жабдығы сияқты СН-мен таңбаланады. Нөмір сынама алынғанға дейін сынамасы бар ыдысқа салынады. Сынаманың көлемі талдаудың екі түрін - зертханалардың сынамалар көлеміне қойылатын талаптарына сәйкес, сапалық және сандық талдау жүргізу үшін жеткілікті түрде алынады.

23. Сынамаларды іріктеу туралы барлық жазбалар осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес Сынамаларды іріктеу журналында сынама іріктеумен бір мезгілде тіркеледі. Осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес әрбір сынама бойынша Сынамаларды алу актілері жасалады.

24. Электр жабдықтарына ПХД-түгендеу жүргізу қорытындысы бойынша электр жабдықтарының меншік иесі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ПХД қамтитын және/немесе ПХД-ластанған электр жабдықтарын есепке алу тізілімін, осы

Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сұйық диэлектриктермен толтырылған электр жабдығының, ПХД қамтитын жабдықтың, ПХД қамтитын заттардың және ПХД-қалдықтардың меншік иесінің ақпараттық парағын және келесі құжаттардың электрондық көшірмелері бар файлдарын - электр жабдықтарының сәйкестендіру нысандарын, диэлектрлік сұйықтықтардың сынамаларын алу актілерін, зертханалық сынақтардың хаттамаларын (оның ішінде тексеру хаттамалары) және кесте нысанындағы зертханалық сынақ нәтижелері бар файлды ұсынады.

25. Жыл сайын есептілік жылдан кейінгі 31 наурызға дейін ПХД-электр жабдығының және ПХД қалдықтарының меншік иесі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне мынадай құжаттардың жаңартылған нұсқаларын ұсынады:

Осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес ПХД жабдықтарын есепке алудың жаңартылған тізілімі;

Осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес ПХД-жабдықтары мен ПХД қамтитын қалдықтар иесінің ақпараттық парағы;

ПХД түгендеу шеңберінде жүргізілген электр жабдығының жаңартылған сәйкестендіру нысандарының және зертханалық сынақтар есептерінің электрондық көшірмелері бар файлдар.

26. Меншік иесі 15 жыл бойына электрондық нысанда ПХД қамтитын электр жабдықтарын түгендеу және есепке алу бойынша құжаттама мен есепті жүргізеді.

27. Сұйық диэлектриктері бар электр жабдықтарын (жаңа немесе пайдаланылған) және сұйық диэлектриктермен жұмыс істеуге арналған, ПХД-түгендеуден өтпеген, онда ПХД болмауының объективті дәлелі жоқ жабдықтарды сатуға, сатып алуға және пайдалануға жол берілмейді.

28. 2025 жылғы 31 желтоқсанға қарай ПХД қамтитын барлық жабдық осы Қағидалардың талаптарына және Жойылуы қиын органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясына сәйкес қолданыстан шығарылады және ПХД қалдықтары санатына ауыстырылады.

29. 2023 жылғы 31 желтоқсаннан кейінгі кезеңде ПХД-түгендеуге жататын электр жабдықтарды иеленуге немесе меншікке сатып алу кезінде мұндай жабдықтың меншік иесі немесе иесі меншік немесе иелену құқығын алғаннан кейін бір жыл ішінде осы жабдықтар үшін ПХД-түгендеуге талап етілетін барлық іс-шараларды орындайды.

30. ЖҚОЛ қамтитын қалдықтар сыйымдылықтары, қаптауыштар, жүк бірліктері және жүк көлігі бірліктері, ПХД қамтитын құрал-жабдықтармен, заттармен және қалдықтарды қамтитын заттар (бұдан әрі сыйымдылықтар, қаптауыштар, жүк бірліктері) халықаралық қағидаларға және қауіпті жүктерді тасымалдау саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес тасымалдау процесінде қауіптілік туралы бақылау, қадағалау және ескерту мақсатында таңбаланады. ПХД тасымалдау кезінде жүк бірлігін таңбалау, ЖҚОЛ (оның ішінде ПХД) бар сыйымдылықтар мен қаптауыштарды нөмірлеу және таңбалау осы Қағидаларға 11 және 12-қосымшаларға келтірілген.

31. Таңбалау қаптауыштың сәйкестендіру нөмірімен (бұдан әрі - ҚСН) бірге заттарды, жабдықтарды және қалдықтарды сыйымдылықтар мен қаптауыштарға қоймас бұрын сыйымдылықтарға, қаптауыштарға және жүк бірліктеріне бекітіледі. Сыйымдылықтар мен қаптауыштарға қалдықтарды салмас бұрын ҚСН тағайындалады. ЖҚОЛ қамтитын заттарды, қалдықтарды және жабдықтарды ҚЖН және таңбалауы жоқ қаптауыштарға салуға жол берілмейді. Қаптауыштар, сыйымдылықтар және жүк бірліктері осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес ПХД бар екендігі туралы ескертетін заттаңбалармен де таңбаланады.

32. ҚСН келесі ақпаратты қамтиды: қапталу күні, меншік иесі туралы мәліметтер (атауы, жауапты тұлғаның аты-жөні және телефон нөмірі) құрамның атауы – ЖҚОЛ атауы көрсетілген қалдықтар немесе заттар, қалдықтардың салмағы немесе көлемі 100% ПХД (немесе басқа нақты ЖҚОЛ), қауіптілік класы, қауіптіліктің сәйкестендіру нөмірі (код, БҰҰ нөмірі), қаптауыштың сәйкестендіру нөмірі, қаптауыштың салмағы, брутто және нетто.

33. Меншік иесі осы Қағидаларға 14-қосымшада келтірілген нысан бойынша ЖҚОЛ қалдықтары қаптауышының есебін жүргізеді. Қаптауыш журналы 15 жыл бойына сақталады.

34. ПХД қамтитын диэлектриктердің жоғары үлестік тығыздығын ескере отырып (1,182-ден 1,593 килограммды текше дециметрге дейін), қаптауыштың әрбір түрі үшін ең жоғары рұқсат етілген жүктеме массасының сақталуын ескере отырып, құрамында қалдықтары бар БҰҰ-сертификатталған сыйымдылықтарға тиісінше оралады.

35. ЖҚОЛ қамтитын қалдықтардың түріне қарай қаптауыштың үш түрі бар:

ірі көлемді қатты қалдықтар үшін. Оларды жылжытпас бұрын ірі көлемді жабдыктан сұйық диэлектриктерді ағызу ұсынылады. Мұндай жабдықтарды диэлектриктерді ағызбай қаптау ағып кету белгілері жоқ толық герметикалық жабдық үшін рұқсат етіледі. Жабдық жабдықта сұйықтық көлемінің 125 %-ын сыйдыра алатын және қауіпсіз ұстай алатын тұтас дәнекерленген болат тұғырыққа орнатылады. Тұғырлықтың минималды биіктігі 800 мм. Жабдық пен тұғырық атмосфералық жауын-шашынның әсерін болдырмау үшін, жабдықтарға мықтылап бекітіліп, қалыңдығы кемінде 100 мкм полиэтилен болатын үлдірден жасалған "шатырмен" жабылады. Полиэтиленді "шатырдың" пішіні оған атмосфералық жауын-шашынның жиналуын болдырмайды. Тұғырыққа жабдықта қалған сұйықтық көлемінің кемінде 110%-ын сіңдіру үшін жеткілікті мөлшерде адсорбциялық материал орналастырылады. Сұйықтықтарды ағызбай ірі көлемді жабдықтарды қаптау кезінде тұтас металл болат тұғырықтарда оралып, тасымалданады;

қатты қалдықтар үшін. Құрамында сұйықтық бар, сондай-ақ босатылған конденсаторлар мен шағын көлемді жабдықтар, сондай-ақ қатты қалдықтарды қамтитын (пестицидтер, ластанған топырақ, жеке қорғаныс құралдары (бұдан әрі - ЖҚҚ) қалыңдығы кемінде 100 мкм полиэтилен үлдірге оралады және жабдықтағы

сұйықтық көлемінің 125%-ын ұстап тұру үшін жеткілікті көлемдегі БҰҰ-сертификатталған сыйымдылықтарға орналастырылады. Сұйық ЖҚОЛ болған кезде сыйымдылықтар жабдықтағы еркін ағымдағы сұйықтықтың 110%-ын сіңіруге қабілетті мөлшерде адсорбентпен толтырылады. Бір бөшкеге немесе контейнерге жеткілікті орын және адсорбент мөлшері болған жағдайда бірнеше жабдық орналастырылады. Сыйымдылықтар оның жағдайы өзгерген кезде ыдыстың ішінде оның қозғалуын болдырмайтындай және жабдықтың герметикалығын бұзбайтындай ( жабдықты кірер алдында ұстап тұруға рұқсат етілмейтіндей) етіп тиеледі. Жабдықты контейнерлердің ішіне бекіту үшін көбік, полистирол көбік блоктары қолданылады. Жабдықтардың герметикалығының бұзылуы анықталған жағдайда, ағып кету орындары қаптау алдында арнайы герметиктермен бітеледі.

Қатты қалдықтар үшін қаптауыштың келесі түрлері қолданылады:

UN1A2Y болат бөшкелер;

UN11A, UN11B, UN11N, UN21A, UN21B және UN21N болат контейнерлері;

UN11H1, UN11H2, UN21H1 және UN21H2 қатты пластик контейнерлер.

БҰҰ сертификаты бар ұқсас сыйымдылықтар.

Сұйық ЖҚОЛ – және ПХД қамтитын қалдықтар, оның ішінде электр жабдығынан ағызылатын сұйықтықтар үшін БҰҰ сертификатталған сыйымдылықтың келесі түрлері пайдаланылады:

200-250 литр, алынбайтын үстіңгі қақпағы бар сұйық қалдықтарға арналған UN1A1Y болат бактар;

UN31A, UN31B, UN31N контейнерлері мен цистерналары, көлемі 1000 литрден астам, БҰҰ сертификаты бар ұқсас сыйымдылықтар.

Сұйық қалдықтарды қаптау кезінде сыйымдылықтарда сұйықтықтың жылулық кеңею коэффициентін ескере отырып, жеткілікті мөлшерде кеңістік қалдырылады. Сыйымдылықтарды олардың көлемінің 95%-дан артық толтыруға жол берілмейді. БҰҰ сертификаты бар ыдыстарға салынбаған, ЖҚОЛ қамтитын қалдықтар сақтауға және тасымалдауға қабылданбайды.

36. ЖҚОЛ қамтитын қаптауыштың немесе ыдыстың бүтіндігі бұзылған жағдайда, одан әрі қауіпсіз жұмыс істеу үшін қайталама қаптауыш үлкенірек өлшемдегі ыдыста жүзеге асырылады немесе зақымдалған қаптауыш адсорбенті бар металл тұғырыққа салынады.

## **2-параграф. Құрамында ПХД бар жабдықтарды пайдаланудан шығару**

37. ПХД қамтитын жабдықтарды қолданыстан экологиялық қауіпсіз шығарудың негізгі міндеті оны заңнаманың және нормативтік-құқықтық құжаттардың барлық талаптарын сақтай отырып, ПХД қоршаған ортаға түсуіне жол бермеу және

жұмысшылардың денсаулығына оның зиянды әсерінен қорғау шартымен кейіннен жою, кәдеге жарату, залалсыздандыру немесе құрту үшін ПХД қамтитын қалдықтар санатына ауыстыру болып табылады.

38. ПХД концентрациясы – ПХД-ның үлестік құрамы. ПХД концентрациясын анықтау кезінде массалық (салмақтық) арақатынас – килограмға миллиграмм (мг/кг) немесе "ppm" ("ppm" концентрациясының бірлігі шетелдік өндіріс жабдығының паспорттарында пайдаланылады, "миллионға шаққандағы бөліктерді" білдіреді, мг/кг-мен сан жағынан сәйкес келеді) пайдаланылады. Сұйықтықтар үшін сұйықтықтың нақты көлемдік тығыздығын кг/л міндетті түрде көрсете отырып, көлемдік қатынас қолданылады, мысалы, литріне миллиграмм. Стокгольм конвенциясы салмақ пайызымен көрсетілген концентрация коэффициентін пайдаланады, келтірілген өлшем бірліктері бір-бірімен келесідей байланысады:  $0,001\% = 1 \text{ мг/кг} = 1 \text{ ppm}$ ;

39. ПХД болуы – диэлектрлік сұйықтықта 0,05% және одан жоғары концентрацияда ПХД болуы ( $\geq 50 \text{ мг/кг}$ ).

40. ПХД болмауының объективті куәлігі – жабдықтардың нақты есепке алу бірлігінде ПХД өлшенген концентрациясы 0,05% - дан ( $< 50 \text{ мг/кг}$ ) кем ПХД-ға талдау нәтижелері (сынақ хаттамалары).

41. ПХД болмауы - ПХД болмауының объективті куәлігімен расталған ПХД 50 мг/кг кем концентрацияда болу фактісі.

42. ПХД қамтитын жабдық - құрамында ПХД концентрациясы 0,05 % (500 мг/кг) және одан жоғары заттар бар кез келген жабдық, оның ішінде электр жабдығы.

43. ПХД-ластанған жабдық, - құрамында 0,005%-дан 0,05%-ға дейін ( $\geq 50 \text{ мг/кг}$ , бірақ  $< 500 \text{ мг/кг}$ ) концентрациясында ПХД бар немесе беттік ластануы  $> 50 \text{ мг/м}^2$  болатын кез келген жабдық, оның ішінде электротехникалық жабдық түрі.

44. ПХД қамтитын қалдықтар, ПХД-қалдықтар - ПХД концентрациясы 0,05 % (500 мг/кг және одан астам) бар қалдықтар, оларға есептен шығарылған ПХД-жабдық, топырақ, топырақ, су, ПХД ластанған түптік шөгінділер (майлар, құрылыс қалдықтары, шүберек, арнайы киім, сорбенттер, еріткіштер) жатады.

45. ПХД-ластанған заттар, материалдар мен қалдықтар-құрамында 0,005-тен 0,05%-ға дейінгі ( $\geq 50 \text{ мг/кг}$ , бірақ  $< 500 \text{ мг/кг}$ ) концентрациясында ПХД қамтитын қатты және сұйық заттар, материалдар мен қалдықтар, сондай-ақ беткі концентрациясы  $\geq 50 \text{ мг/м}^2$  болатын кеуекті емес беттер.

46. ПХД концентрациясы 50 мг/кг немесе одан аз қалдықтар, ал ПХД және ПХДФ үшін - 10 микрограмм токсикалық эквивалентті килограмға (бұдан әрі - ТЭ/кг) Стокгольм конвенциясына сәйкес таза болып саналады.

47. Кодекстің 379-бабының 3-тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етпей, құрамында жойылуы қиын органикалық ластағыштары бар қалдықтардың меншік иесін ауыстыруға тыйым салынады.

48. ПХД қамтитын жабдықты қолданыстан шығару кезінде ПХД қамтитын жабдықтар тізіліміндегі, меншік иесінің ақпараттық парағындағы және жабдықтардың сәйкестендіру нысандарындағы жазбалар жаңартылады.

49. ПХД қамтитын жабдықты жоспарлы қолданыстан шығаруға дейін 30 күннен кешіктірмей меншік иесі немесе иесі бұл туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды жазбаша хабардар етеді.

50. ПХД қамтитын жабдықты қолданыстан шығарғаннан кейін меншік иесі немесе иесі оларды кейіннен залалсыздандыру немесе жою үшін сақтау орындарында сақталуын қамтамасыз етеді.

51. ПХД қамтитын жабдықтарды қолданыстан шығарғаннан кейін үш ай ішінде меншік иесі немесе иесі қауіпті қалдықтар паспортын әзірлеу арқылы экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес қолданыстан шығарылған жабдықты қалдықтар санатына ауыстырады. ПХД жабдықтарын қолданыстан шығару күні кәсіпорын басшысының ПХД жабдықтарын ПХД қалдықтары санатына ауыстыру үшін қолданыстан шығару туралы бұйрығында көрсетілген күн болып табылады.

52. Жабдықты бөлшектеу барысында оның герметикалығын сақтау бойынша шаралар қабылданады. Бөлшектелген жабдық бөлшектенгеннен кейін бірден осы Қағидаларға 2-тараудың 1-параграфының талаптарына сәйкес қапталады.

53. Ағып кету іздері бар жабдық арнайы жұмыс істеуді қажет етеді. Егер жабдық сұйықтықты ағызбай бөлшектелсе, анықталған ағып кетулердің барлық орындары бөлшектелгенге дейін арнайы герметикпен бітеледі. Мұндай жабдық тек болат тұғырларға немесе төгілуді болдырмайтын герметикалық контейнерлерге салынған кезде бөлшектеледі.

54. Көлемі 200 литрден аспайтын, толық герметикалығын сақтаған және корпустың ағуы мен коррозиясының іздері жоқ жабық түрдегі шағын көлемді жабдық оны пайдалану орындарынан бөлшектенеді және ПХД ашпай және төгілмей оралады.

55. ПХД қамтитын ірі көлемі 200 литрден асатын жабдық пайдаланудан шығарылғаннан кейін тасымалдау кезінде ағып кетпеу үшін ПХД ағызуға жатады. Ешқандай саңылаусыз және ашпалы қақпақтары жоқ, ағып кету іздері жоқ толық герметикалық бір бөліктен тұратын үлкен конденсаторлар ПХД-ны төгусіз қаптауға болады.

56. ПХД қауіпсіз төгілу және айқаспалы ластануды болдырмау үшін мыналардың болуын қамтамасыз ету керек:

төгілген мұнайдың болжамды көлемінің 125% мөлшерінде мұнайды төгуге арналған БҰҰ сертификаты бар сыйымдылықтар. Суды төгу алдында сыйымдылықтарда да осы Қағидаларға сәйкес ПХД бар деп алдын ала таңбаланады және оларға ҚСН беріледі;

ПХД-мен жұмыс істеуге жарамды ЖҚҚ қолдану арқылы қауіпсіз еңбек жағдайлары

;

тек сұйық ПХД айдауға арналған сорғылар мен қосқыш шлангтарды қоса алғанда,  
ПХД қамтитын жабдыққа арналған құралдар мен жабдықтардың жиынтығы;  
төгілулермен күресу құралдарының жиынтығы;  
өрт сөндірудің бастапқы құралдары;  
алғашқы көмек қобдишасы;

дренажды ПХД бар сыйымдылықтар үшін дайындалған қойма немесе ПХД қалдықтарын сақтау орындарында сақтауға рұқсаты бар ұйымға ПХД беру туралы келісім.

57. Төгілудің алдын алу үшін ПХД ағызу процедурасынан бұрын ағызу алаңы бір немесе екі қабат қатты полиэтиленмен жабылған. ПХД айдауға және ағызуға арналған жабдықтың астында, шлангілерді қосу, бекіту арматурасын орналастыру орындарында тұғырықтар орнатылады. ПХД қамтитын қалдықтар түзілетін көлемді азайту үшін тұғырықтар мен сыйымдылықтар да полиэтиленмен жабылады.

58. Жабдықтан сұйықтықтарды айдау немесе ағызу дайындаушы зауыттың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Сұйықтықтың негізгі мөлшерін алып тастағаннан кейін жабдық ең жоғары ықтимал сұйықтық мөлшерін төгу үшін қажетті бұрышпен еңіспен орнатылады

59. ПХД қамтитын жабдықты оны орнату орнынан алып тастағаннан кейін сайт ағып кетулер мен төгілулердің бар-жоғына көзбен шолып тексеріледі және олар анықталған кезде тазалау (ремедиация) жүргізіледі.

### **3-параграф ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды беру және қабылдау және оларды сақтау пункттерінде ұстау.**

60. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтар мамандандырылған ұйымдарда сақтау пункттерінде ұстауға міндетті түрде беру шарты болған кезде және беру туралы уәкілетті органды хабардар еткен кезде жол беріледі.

61. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтар қалдықтарды қабылдауға мынадай құжаттар болған кезде жол беріледі:

қалдықтардың меншік иесімен немесе иесімен сақтау пункттерінде ұстауға қалдықтарды қабылдау туралы шарт;

қалдықтарды ілеспе жүкқұжат тасымалдау;

қауіпті қалдықтар паспортының куәландырылған көшірмесі;

тауар-көлік жүкқұжаты;

өлшеу актісі;

ПХД-жабдығы болып табылатын қалдықтарға арналған ПХД-түгендеу тізілімінің сәйкестендіру нысандары мен көшірме үзіндісі;

ЖҚОЛ қалдықтардың меншік иесін ауыстыру туралы уәкілетті органның хабарламасын немесе меншік иесін ауыстырмай сақтау пункттерінде ұстауға беру туралы хабарламаны растайтын құжаттар.

62. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды қабылдау кезінде сақтау пунктінің меншік иесі немесе иесі мынадай рәсімдерді жүзеге асырады:

қажетті құжаттардың болуын тексеру;

ЖҚОЛ қалдықтарды қабылдау-беру актісін ресімдеу;

қалдықтарды көзбен қарап тексеру – қаптауыштың бүтіндігі, герметикалығы бұзылған және таңбалануы дұрыс болмаған кезде қалдықтарды сақтау пунктінде ұстауға жол берілмейді;

ЖҚОЛ-қамтитын қалдықтар "ЖҚОЛ-қалдықтарды есепке алу журналында" тіркеу. ПХД қамтитын қалдықтар мұндай журналда ЖҚОЛ түрлерінен бөлек есепке алынады. Журналдар нөмірленеді, бауланады, мөрмен, мөртабанмен немесе жауапты адамның қолымен расталады.

63. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтар қалдықтарды сақтау пункттерінде оларды залалсыздандыру немесе құрту сәтіне дейін ұстау Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның тізбесіне енгізілген Кодекстің 379-бабының, осы Қағидалардың, ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды сақтау пункттерінде уақытша сақтау олар орналастырылған сәттен бастап 24 айдан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады. Бұл ретте уақытша сақтау сот шешімімен республикалық меншікке берілген иесіз қауіпті қалдықтарға қолданылмайды.

64. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды 1000 кг-нан астам мөлшерде ұстау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органның қатысуымен комиссия актісімен расталады. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтар сақталатын ғимараттар мен сақтау орынжайлары осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес таңбаланады.

65. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтардың иелері мен меншік иелері мамандандырылған ұйымдар арқылы сақтайды немесе осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін сақтау орындарын өз бетінше ұйымдастырады.

66. ЖҚОЛ және құрамында ЖҚОЛ қамтитын сақтау пункттерінде қалдықтардың басқа түрлерін сақтауға немесе құрамында ЖҚОЛ және құрамында ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды операциялардың өзге де түрлерін жүзеге асыруға жол берілмейді.

67. Меншік иелері немесе меншік иелері өз аумағында сақтау пункттерін ұйымдастыру кезінде мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды сақтау процесінде түзілетін болатын қалдықтарды тұрақты түгендеуді, есепке алуды және сертификаттауды жүргізеді.

қалдықтарды бастапқы және кезекті есепке алу журналын (қалдықтардың түрі, олардың саны, қасиеттері, пакеттердің саны және сәйкестендіру нөмірлері) жүргізуге және жинақталған және тасымалданатын қалдықтардың жай-күйіне мониторинг жүргізеді;

ЖҚОЛ қамтитын қалдықтармен төтенше жағдайлардың алдын алу және құрту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді;

экологиялық қауіпті қызмет түрі ретінде ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды басқаруды міндетті экологиялық сақтандыруды қамтамасыз етеді.

68. ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды сақтау қоймаларының иелері мен меншік иелері мыналарды жүзеге асырады:

қалдықтармен жұмыс істеуге алдын ала және кезеңді медициналық тексеруден және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарымен тиеу, түсіру және қаптау жұмыстарын жүргізу кезінде, сондай-ақ жазатайым оқиғалар мен оқыс оқиғалардан кейінгі қауіпсіздік техникасы бойынша оқудан өткен адамдарды жібереді;

ЖҚОЛ-мен жұмыс істеу үшін жарамды ЖҚҚ, арнайы киім мен аяқ киім, төгілулерге қарсы күрес жиынтықтарын, тұғырықтарды, БҰҰ-сертификатталған сыйымдылықты, алғашқы көмек көрсету құралдарын, алғашқы өрт сөндіру құралдарын және өртке қарсы құрал-жабдықты беру.

69. Қалдықтарды ұшқын шығаратын көздердің, жылыту құрылғыларының жанында ұстауға жол берілмейді.

70. Қосалқы қалдықтары бар бүлінген қаптауыштар (сыйымдылықтар) анықталған кезде олар бүлінген қаптауышты ауыстыру үшін қайта қаптауыш аймағына ауыстырылады.

71. Өртке қарсы құрал-саймандарға кіру жолдарын үйіп тастауға рұқсат етілмейді.

72. Трансформаторлар оларды ашалы автотиегішпен не кранмен жылжыту үшін және сақтау пунктінде ұстау үшін металл тұғырықтарға орнатылады.

73. Бөшкелер жүк паллеттеріне орнатылады және паллеттерге тиісті бекіту құралдарымен бекітіледі.

74. Сақтау пункттерінде қаптауыштар мен жүктерді ұстау металдың тоттануын болдырмайтын тұғырықтарда жүзеге асырылады.

75. Қалдықтардың қаптауыштарын қатарлау кезінде олардың қатарлап сырғып кетуін болдырмау үшін оларды таңу қамтамасыз етіледі.

76. Қаптауыштар паллеттерге қаптауыштарды қайта толтырмай оқылуы үшін сыртқы таңбамен таңбаланады.

77. Ғимараттар немесе ТҚҚ қалдықтарын сақтайтын орынжайлар (бұдан әрі ғимараттар мен орынжайлар) келесі шарттарға сәйкес болуы керек:

барлық ғимараттардағы, орынжайлардағы және алаңшалардағы едендер химиялық әсерлерге төзімді, тозуға төзімді өткізбейтін полимерлі жабыны бар бетон және асфальтбетоннан немесе металдан жасалған тұтас үздіксіз жабыннан тұрады;

ғимараттар мен орынжайларда көмір сүзгісімен немесе барабар органикалық бу сіңіргішпен жабдықталған мәжбүрлі сору-шығару желдеткішінен тұрады;

ғимараттар мен орынжайлардың ішінде міндетті түрде кәріз, оның ішінде сыртқы кәріз жүйелеріне, дренаждарға, нөсер арналарына немесе су қоймаларына қосылған нөсер және дренаж жүйелері болмайды.

78. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды сақтау пункттері мыналармен:

ЖҚОЛ қамтитын сұйықтықтардың төгілу салдарын жоюға арналған құралдардың апатқа қарсы жиынтығымен,

қаптауыштар мен жүк бірліктеріне арналған тұғырықтармен, төгілу және ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтармен жұмыс істеу кезінде түзілетін ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтар үшін БҰҰ-ның таңбаланған бос ыдыстарымен және қолданыстан шыққан сыйымдылықтарды ауыстыру үшін және ПХД зақымданған кезде алғашқы көмек көрсету үшін арнайы жинақталған дәрі қобдишасымен жабдықталады.

#### **4-параграф. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды тасымалдау**

79. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтар қауіпті жүктер болып табылады.

80. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтар, оның ішінде ПХД қамтитын жабдықтар мен заттарды тасымалдау автомобиль, теміржол, су және әуе көлік түрлерімен жүзеге асырылады.

81. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтар олардың түзілу, жинақталу орындары немесе объектілері, сақтау пункті, құрту объектісі арасында тасымалдау, қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарымен жүргізіледі.

82. ЖҚҚ және құрамында қалдықтары бар қалдықтарды тасымалдау төгілулердің, сұйықтықтардың ағып кетуінің және ЖҚҚ-ның Халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға әсерінің алдын алу үшін сақтық шараларын сақтай отырып жүзеге асырылады.

83. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын жабдықтарды тасымалдау осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін сертификатталған қаптауыштарда ғана жүзеге асырылады. Қаптауыштарды таңбалаусыз және ҚСН-сіз тасымалдауға жол берілмейді.

#### **5-параграф. ЖҚОЛ және ЖҚОЛ қамтитын қалдықтарды залалсыздандыру, құрту және кәдеге жарату технологиялары**

84. Кәсіпкерлік субъектілері Қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) құрту жөніндегі жұмыстарды орындау үшін (қызметтер көрсету) Кодекстің 336-бабының, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес, қызметтің тиісті кіші түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензия алады.

85. Құртылатын қалдықтардың әрбір партиясына қалдықтардың меншік иесі, қалдықтардың атауы мен көлемі және жою әдісі көрсетілген құрту Сертификаты беріледі.

